

13 Тақырып. Бағдарламалар әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарлардың құрамдас бөлігі ретінде

1. Орта мерзімді жоспарлардың құрамындағы бағдарламалар туралы түсінік
2. Маңыздылығы мен статусына қарай бағдарламалардың жіктелуі
3. Аймақтық, салалық (секторлы), мемлекеттік бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптар
4. Бағдарламалардың негізгі бөлімдері

1. Көпшілік мемлекеттік проблемаларды шешудің инструменті болып бағдарламалар есептелінеді. Олар тағыда мақсаттық деп аталады, себебі маңызды қоғамдық мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік деңгейіндегі мақсаттық бағдарламаларды негіздеу процесі – бағдарламалау деп аталады.

Мақсаттық бағдарлама жүйелік тәсілдің
инструменті болып, оның мәні аймақаралық және
салааралық сипатында. Мемлекет деңгейінде
мақсатқа жету барша Министрлік және
ведомстволар кәсіпорындарының үйлесімді
жұмысын талап етеді. Мақсатқа жету барысында
әр түрдегі фирмалар, солар қатарында әр түрлі
мүдделеріне ие, жеке меншік фирмаларда. Сол
себепті мақсаттық бағдарламаны негіздеу
қатысушылардың бар болған байланыстарын,
қарым-қатынастарын, ұйымдардың және
экономика салаларына интеграциясын,
орындаушылар әрекеттері бағыттарын, орындау
мерзімдерін және қойылған мақсатқа жетудің
қаржыландыру көздерін есепке алады.

уақыт арасында, мазмұны, ресурстар, орындаушылар бойыша қоғамның маңызды проблемаларын шешу барысында мақсатқа жетуге қаратылған іс әрекеттер бағытының жиынтығы. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы – қоғам дамуының мақсаттық ориентирлерін және мәмлекет тарапынан жоспарланған сол мақсаттарға жетудің тиімді жолдары мен құралдарының кешендік жүйесін құрайды.

Бағдарламалық табыспен шешілетін мәселелер экономикалық бір бірімен байланысқан. Бұл өзінің негізінде мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалардың негізгі арнауын құрайды. Сол үшін, мемлекеттік бағдарламаларды жасаушылардан проблемаларды білу, оларды талдай алу, бар болған ресурстардың тиімді қолдану арқылы мүмкін болатын шешімдерді көре білу талап етіледі.

Мақсаттық бағдарламалар тез арада шешілуі керек сипатқа ие және тар шеңбердегі проблемаларды шешуге тиіс. Мемлекет сол проблемаларды шешуге қаражаттар бөледі.

Бағдарламалардың жоспардан айырмашылығы, бағдарламалар әдетте бағдарламалы мақсатқа жету бағыттары терміндерімен тұжырымдалады, орындаушылар үшін нақтылы білдіріп жоспар блоктарынан тұрады.

Қазіргі замаңғы мақсаттық бағдарламаны мемлекеттің, императивті сипатқа ие (талап бұйрық) глобалды стратегиялық жоспар түрінде қарастырса болады. Бағдарламалық іс-шаралар жүйесі; актуалды проблема өз уақында шешілуі үшін не, қашан, қалай, кім орындау керек, қандай құралдарымен дегендерді анықтау керек. Бұл үшін бағдарлама ұйымдастырушылық іс-әрекеттердің үйлестірілген бағыттарын қарастырады.

Мемлекеттік бағдарламалау – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы стратегиясын амалға асыру механизмі болып, шектелген бюджеттік құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруға қаратылады.

Мақсаттық бағдарламаларды жасауда келесілер есепке алынады:

1. Саяси, әлеуметтік, құқықтық, экономикалық және әкімшілік құрастырушылар;
2. Бағдарламаны орындаудың тиімділігі (бастапқы жағдайымен салыстырғанда);
3. Уақыт аралары бойынша мақсатқа жетуді бақылау үшін ориентірлер жасау;
4. Қаражаттар сметасын жасау;
5. Бағдарламаларды орындау барысында табыстар және қаражаттарға түзетулер енгізу;
6. Форс-мажорды жағдайлар

Мемлекеттік мақсаттық бағдарламалар келесідей жіктеледі:

1. Даму бағыты бойынша – заттық, ақпараттық және аралас;
2. Сыртқы байланыстар деңгейі бойынша – сыртқы, ішкі;
3. Территориальды бөліну деңгейі бойынша – мемлекеттік, жергілікті;
4. Өндірістік – шаруашылық сипаты бойынша – жалпы, салалық, аймақтық;
5. Ұзақтығы бойынша – ұзақ, орта, қасқа;
6. Мақсаттарды қамту бойынша – бір мақсатты, көп мақсатты.

Мақсаттық бағдарлама «мақсат – жолдар – құралдар» схема бойынша жасалады. Оның құрылымы келесі негізгі бағыттарды

қамтиды:

- мақсаттық (мақсаттар жүйесін және мақсаттық мәселелерді анықтау);
- орындаушылық (іс-шаралар бағыттары жүйесін жасау);
- ресурстық (қажетті ресурстар және олардың көздерін анықтау);
- ұйымдастырушылық (бағдарламаларды жасауды және орындауды ұйымдастыру).